

Орал қаласының аумағын абаттандыру Ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2012 жылғы 1 маусымдағы № 3-2 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 5 шілдеде № 3083 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2013 жылғы 10 шілдедегі № 11-3 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 10.07.2013 № 11-3 шешімімен (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Кодексінің 3 бабының 2 тармағына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына сәйкес облыстық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Қоса беріліп отырған Орал қаласының аумағын абаттандыру Ережесі б е к і т і л с і н .

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

А. Таспихов

Облыстық мәслихат хатшысы

М. Құлшар

КЕЛІСІЛДІ:

*Б а т ы с Қ а з а қ с т а н о б л ы с ы
б о й ы н ш а м е м л е к е т т і к
с ә у л е т - қ ұ р ы л ы с б а қ ы л а у
ж ә н е л и ц е н з и я л а у
д е п а р т а м е н т і н і ң д и р е к т о р ы
_____ А. Ғ ұ б а й д у л л и н*

25.05.2012 ж.

Б а т ы с
о б л ы с т ы қ
2 0 1 2
№
бекітілді

ж ы л ғ ы
3 - 2

1

Қ а з а қ с т а н
м ә с л и х а т ы н ы ң
м а у с ы м д а ғ ы
ш е ш і м і м е н

Орал қаласының аумағын абаттандыру Ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Орал қаласының аумағын абаттандырудың осы Ережесі (әрі қарай-Ереже) Қазақстан Республикасының "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы", Кодексіне, Қазақстан Республикасының "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Кодексіне, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", "Тұрғын үй қатынастары туралы", "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Заңдарына және де өзге де Қазақстан Республикасындағы нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес шығарылды.

2. Ереже Орал қаласының аумағын абаттандыруды ұйымдастыру және жүзеге асыру тәртібін анықтайды және тиісті аумақта орындалуға міндетті болып табылады.

2. Негізгі ұғымдар

3. Осы Ережелерде келесі ұғымдар қолданылады:

1) Қатты тұрмыстық қалдықтарды және ірі көлемді қалдықтарды шығару шарты – тапсырыс беруші мен қоқыс шығаратын мердігерлік ұйыммен жасалған заңды күші бар жазбаша келісім.

2) Бөлінген аумақ - жер пайдаланушының (заңды немесе жеке тұлғаға) иелігіне берілген немесе Қазақстан Республикасының заңнамаларымен қарастырылған құқығымен уәкілетті органдардың шешімдеріне сәйкес пайдалану үшін өзіне тиесілі нысандарды орналастыруға берілген жер телімі.

3) Іргелес (бекітілген) аумақ – жеке меншік, иелігіндегі және жалға алынған ғимараттардың, орын-жайлардың, қоршаулардың, құрылыс алаңшаларының шекараларына, сауда, жарнама нысандарына және басқа да нысандарға тікелей жанасқан (нысанның периметрі бойынша 10 метр шекарадағы, бірақ өту жолынан әрі емес) жер учаскесі.

4) Бекітілген аумақтың субъектілері болып жеке, сондай-ақ, заңды тұлға да болады:
пәтер иелері кооперативтері (одан әрі - ПИК);
ғимараттар мен орын-жайлардың иелері;
жерді уақытша немесе тұрақты пайдалануға берілген тұлғалар.

5) Жерді пайдаланушы – мемлекеттік меншіктегі жер учаскесін өтеулі және (немесе) өтеусіз негізде шектеусіз мерзімге (тұрақты жер пайдалану) немесе

белгілі бір мерзім ішінде (уақытша жер пайдалану) иеленуші және пайдаланушы
т ұ л ғ а .

6) Контейнер - қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға арналған стандартты
с ы й ы м д ы ы д ы с .

7) Ірі көлемді қалдық (бұдан әрі - ІКҚ) - өзінің тұтыну қасиеттерін жоғалтқан
тұтыну және шаруашылық қызметінің қалдықтары (тұрмыстық техника, жиһаз
ж ә н е т . б .) .

8) Шағын сәулеттік нысандар - көлемі жағынан кішкене әсемдік, сондай-ақ,
іске жарамды сипаттағы нысандар:

сәндік құрылғылар (мүсіндер, су бұрқақтар мен әсемдік су тоғандар,
стеллалар, ойма бедерлер, гүл құмыралары);

іске асыру сипатындағы құрылғылар (саябандар, павильондар, телефон және
сауда автоматтары, орындықтар, қоршаулар, қоқыс қораптары).

9) Ортақ пайдалану орындары - демалыс аймақтары (саябақтар, жағажайлар,
тынымбақтар), алаңдар, көлік аялдамасы алаңдары.

10) Рұқсатсыз төгілетін қоқыстардың үйінділері - заңды және жеке тұлғалар
қызметінің үрдісі кезінде пайда болған қатты тұрмыстық қалдықтарды (ҚТҚ),
ІКҚ, өндіріс және құрылыс қалдықтарын, басқа қоқыстар, қар, мұздарды өз
еркімен шығару (орналастыру) немесе үю.

11) Аумақты тазарту - аумақты жинау, тұрмыстық қалдықтарды, қоқыстарды,
қарды, мұздақтарды жинау, шығару және кәдеге жарату (залалсыздандыру).

12) Өту жолдары, өтетін жер - тұрғын үйлер мен қоғамдық ғимараттарға,
мекемелерге, кәсіпорындарға және басқа да аудандар, шағынаудандар,
кварталдар ішіндегі қалалық құрылыс нысандарына көлік құралдарының кіруін
қамтамасыз етуші жол элементі.

13) ҚТҚ, ІКҚ жинау және шығару - қатты тұрмыстық қалдықтарды
контейнерлерден арнайы автокөліктерге тиеу, контейнер алаңдарын және оларға
кіретін жолдарды шашылған қоқыстардан тазарту және оларды қоқыс жинау
орнынан кәдеге жарату нысанына тасымалдаумен байланысты шаралар кешені.

14) Жолдарды күтіп, ұстау - нәтижесінде талапқа сай келетін, жол мен жол
құрылғыларының көліктік-тұтыну жағдайы сақталатын, автомобиль жолдарын
пайдалану ережесінің талаптарына жауап беретін жұмыстар кешені.

15) Орын-жай - өндірістік үрдістерді орындауға, материалдық
құндылықтарды орналастыру мен сақтауға немесе адамдардың уақытша тұруына
, сондай-ақ, құралдарды немесе коммуникацияларды орналастыруға арналған,
табиғи немесе жасанды аумақтық шекарасы бар, көлемді, жазықты немесе
тізбекті салынған жасанды нысан. Орын-жай сондай-ақ, көркемдік-эстетикалық,
сәндік-қолданбалы немесе мемориалдық сипатта болуы мүмкін.

16) Жаяу жол - жаяу жүргіншілердің жүруіне арналған, жолға жалғасып

немесе одан гүлкестемен бөлініп жатырған жолдың бөлшегі.

17) Уәкілетті орган - коммуналдық шаруашылық саласындағы өкілеттілігі Орал қаласы әкімдігімен анықталатын мемлекеттік мекеме.

3. Жалпы талаптар

4. Іргелес аумақты абаттандыруды және тазалауды (нысанның периметрі бойымен 10 метр аралықта), сондай-ақ, гүлзарларды, гүлкестелерді, басқа да жасыл желектерді, абаттандыру элементтерін күтіп, ұстауды сәулет, санитарлық және экологиялық талаптар негізінде қолданыстағы заңнамаларға сәйкес аталған нысандардың меншік иелері және (немесе) пайдаланушылары жүргізеді.

5. Ғимараттардың, орын-жайлардың, жеке тұрғын үй құрылыстарының меншік иелері және (немесе) пайдаланушылары қатты тұрмыстық қалдықтарды шығаруға уақытылы келісімшарт жасаулары қажет.

6. Жер учаскесін пайдаланушылар арасында іргелес (бекітілген) аумақтарды тазарту жұмыстарының шекарасын анықтау заңды және жеке тұлғалардың келісімімен осы Ереже немесе Орал қаласы әкімінің актілері негізінде жүзеге асырылады.

7. Тұрғын ғимараттарға іргелес аумақтар нысанның иесімен абаттандырылады, көгалдандырылады, жарықтандырылады және қоршалады, кіре беріс және жаяу жүргіншілер жолдарының қатты жабыны болуы қажет.

8. Бөлінген шекарадағы инженерлік және көліктік инфрақұрылым нысандарының аумағы көрсетілген нысандардың техникалық және қолдану сипаттамалары ескеріле отырып, абаттандырылуы қажет. Аумақтарды абаттандыру және күтіп, ұстау бойынша міндеттемелер нысандардың меншік иелеріне жүктеледі.

9. Коммуникациялардың барлық түріне қызмет көрсететін шаруашылық субъектілері тиісті коммуникацияларды күтіп, ұстауға және уақытылы жөндеу жүргізуге, оларды жөндегеннен кейін бұзылған жабынды қабаттары мен элементтерін қайта қалпына келтіруі тиіс.

10. Заңды және жеке тұлғалар жолдың асфальт қабатының бұзылуымен байланысты жер жұмыстарын аяқтағаннан кейін жол қабатын қайта қалпына келтіруге міндетті.

11. Орал қаласы аумағында тыйым салынады:

1) суаққы желісінің қоқыс басуын болдырмау үшін суаққы коллекторларына сыпырынды мен тұрмыстық қоқыстарды тастауға;

2) жергілікті атқарушы органмен бекітілген орындардан басқа жерлерге қоқыстар мен қарды шығаруға, тастауға;

3) қоқыс құбырларына сұйық тұрмыстық қалдықтарды және ірі көлемді

қ о қ ы с т а р д ы

т а с т а у ғ а ;

4) магистральдар, көшелер мен өту жолдарының, жаяу жолдардың және гүлкестелердің өту бөліктеріне сауда нысандарынан, құрылыс алаңдарынан, кәсіпорындар мен ұйымдар аумақтарынан, аулалық аумақтардан, ішкікварталдық өту жолдарынан және тағы басқаларынан тазаланатын қарларды шығаруға немесе

ы с ы р у ғ а ;

5) жаяужолдарда, қалалық жолаушы көлігінің отырғызу алаңдарында, саябақтарда, тынымбақтарда, аулаларда және өзге де жаяу өту, көгалдандыру аймақтарында техникалық тұзды және сұйық хлорлы кальцийді мұзға қарсы реагент

р е т і н д е

п а й д а л а н у ғ а ;

6) ластанған және тұздалған қарды лақтыруға, орын ауыстыруға, газондарға, гүлбақтарға, бұталар мен өзге де жасыл көгалдарға мұз ойындыларын роторлы лақтыруға ;

7) сарқынды су құбырларының аузына қар, мұз және қоқыстарды тастауға;

8) ағаштар мен бұталардың түбіне жапырақтарды жинауға;

9) жолдарды және (немесе) жол бөліктерін ластауға жол бермеу мақсатында кез келген жүк түрлерін тиянақты жабынсыз жүк көліктерімен тасымалдауға;

10) меншік иесінің келісімінсіз және (немесе) осы мақсаттар үшін бөлінген жерлерден тыс орындарға, Қазақстан Республикасы заңнамаларында көзделген белгіленген тәртіп бойынша қажетті рұқсатсыз және келісімсіз хабарландырулар, плакаттар, үндеулер, түрлі ақпараттық материалдарды, жазу-сызулар мен кескіндемелер

о р н а л а с т ы р у ғ а ;

11) автомобиль жолдарының бөлігіне қозғалысқа қауіп төндіретін қоқыстарды,

з а т т а р д ы

л а қ т ы р у ғ а ;

12) ғимараттардың, орын-жайлардың және тұрғын үйлердің терезелерінен қоқыстарды

л а қ т ы р у ғ а ;

13) жаяу жолдарға, тынымбақтар, саябақтар аумағына және басқа да қоғамдық орындарға ұсақ қоқыстарды

л а қ т ы р у ғ а ;

14) Орал қаласының жергілікті атқарушы органдары арнайы белгілеген жерлерден тыс жерлерге қала аумағында тұрмыстық және құрылыс қоқыстарын, өндірістік қалдықтарды, жәшіктерді, ағаш үгінділерін, жапырақтарды, қарды, сұйық

қ а л д ы қ т а р д ы

т а с т а у ғ а ;

15) тоғандарға өндіріс кәсіпорындарының тазартылмаған суларын ағызуға;

16) кәсіпорындардың және жеке меншік үй иелерінің ішкі аумақтарын, тынымбақтарда, саябақтарда қатты тұрмыстық қалдықтарға арналған контейнерлерді қоса алғанда қоқыстарды, жапырақтарды, жәшіктерді, өндірістік қалдықтарды жағуға, алау жағуға тыйым салынады;

17) белгіленген жерлерден тыс орындарда, тиісті жол белгілерімен және (немесе) жолақтармен белгіленген және бөлінген жерлерден тыс орындарда көлік

құралдарының аялдауына, тұруына және оларды жууға;

18) аулалардың және ішкікварталдық аумақтардың жасыл аймағына, балалар, киім-кешек кептіретін және контейнерлік алаңдарға, жаяу жүргіншілер жолдары мен жаяу жолдарға қызметтік және жеке автокөліктердің тұруына, кіруіне;

19) бір деңгейдегі барлық жолдар мен көшелердің және кіру жолдарының қиылыстарында және теміржол өткелдеріне жақын жерлерде; көліктік қоршаулармен жабдықталған немесе көтеріңкі жиектемелері бар жол учаскелерінде; жаяу жолдарда қар үюге.

20) жалпы пайдаланылатын орындарда (осы мақсатқа пайдаланылмайтын орындарда), балалардың ойын алаңдарында, көшелерде, алаңдарда үй жануарларымен серуенге шығуға;

21) адамдар шомылуға арналған жерлерде киім-кешек жууға және үй жануарларын жуындыруға;

22) мұз жарықшақтарын, қарды жасыл желек алаңдарына, жаяу жолдарға, гүлкестелерге орын аустыруға және лақтыруға үюге;

23) тұрғын үй нысандардың, ұйымдардың, мекемелердің аумақтарында аулалық қондырғыларды, шұңқырларды және қоқыс жинау алаңдары құрылысын салуға және қайта жабдықтауға.

12. Қаланы санитарлық ағымдағы ұстау мамандандырылған кәсіпорындармен жүзеге асырылады және қамтамасыз ететін шараларды өткізуді жүзеге асырады:

бейіттерді күтіп, ұстау;

көгалдандыру және жасыл желектерді күтіп, ұстау және суару;

қала аумағын қоқыстардан жинауды және оларды уақытылы шығаруды ұйымдастыру.

4. Аумақтарды жинау және тазартуды ұйымдастыру мен негізгі талаптары

13. Елді мекендер аумағын санитарлық тазалау жүйесінде тұрмыстық және өндірістік қалдықтарды жинау, жою, залалсыздандыру мен кәдеге жарату қарастырылады және мамандандырылған ұйымдармен жүзеге асырылады.

14. Арнайы автокөліктердің саны құрылыс салынып жатырған учаскенің нақты дамуы мен елді мекеннің жергілікті жағдайы ескеріле отырып анықталады.

15. Тұрғын үйлердің, ұйымдардың, мәдени-көпшілік мекемелерінің, демалыс аймақтарының аумақтарында көліктер кіре алатындай қалдықтарды жинайтын контейнерлердің арнайы алаңшалары орналастырылады. Алаңшаны су өткізбейтін жабынмен және толықтай қоршаумен жайластырады.

16. Қатты тұрмыстық қалдықтарды салатын контейнерлер қақпақтармен жабдыкталады. Контейнерлер мен алаңшаның шетіне дейінгі ара қашықтық 1

метрден кем болмайды. Алаңшаларды тұрғын және қоғамдық ғимараттардан, барлық саладағы ұйымдардан, спорт алаңдарынан және тұрғындардың демалатын орындарынан 25 метрден кем емес және 100 метрден артық емес арақашықтықта орналастырады. Осындай контейнерлер үш жағынан биіктігі 1,5 метр болатын қоршаумен қоршалуы тиіс.

17. Контейнердің есепті сыйымдылығы қоқыстардың нақты жиналып қалуына сәйкес болуы қажет. Орналастырылатын контейнерлер санының есебі осы контейнерлерді пайдаланатын халықтың саны, қоқыстардың жиналып қалу мөлшері, олардың сақталу мерзімдері ескеріле отырып жасалады.

18. Контейнерлердегі қоқыстарды сақтау мерзімі Цельсия (С) бойынша 0 градус және одан төмен болғанда үш тәуліктен артық емес, плюстік температурада бір тәуліктен артық емес.

19. Кәсіпорындар, ұйымдар, ПИК-тер, кондоминиумдар, жеке үй иелері мен бизнес нысандарының иелері соңынан ҚТҚ-ды бөлектеп жинау арқылы біртіндеп еуропалық және басқа да контейнерлерді пайдалануға көшу ұсынылады.

20. Қоқыстарға арналған контейнерлер арнайы орындарда ұдайы дезинфекцияланып және дезинсекцияланып, жуылып отырады.

21. Әрі қарай пайдалануға жарамсыз контейнерлер уақытылы ауыстыруға ж а т а д ы .

22. Аулалық, кәріздендірілмеген және қоғамдық әжетханалар тұрғын-жайлардан және қоғамдық ғимараттардан, балалар ойнайтын және халық демалатын алаңшалардан кем дегенде 20 метр және құдықтардан, бұлақ көздерінен кем дегенде 50 метр қашықтыққа алыстатылуы тиіс.

23. Көпқабатты тұрғын үй аудандарында қатты тұрмыстық қалдықтар алаңшасынан қажетіне қарай 1,5 метр радиуста контейнер алаңшаларының іргелес аумағын жоспарлы-ұдайы түрде тазалау жүргізіледі.

24. Тұрмыстық және басқа да қалдықтарды шығару күн сайын таңғы сағат 7.00-ден ерте емес және 23.00-ден кеш емес уақытта жүргізіледі.

25. Жеке тұрғын үй құрылысы аудандарын қатты қалдықтардан жоспарлы-ұдайы тазарту аптасына екі мәртеден кем емес жүргізіледі.

26. Қоғамдық орындарда қоқыс қораптары орнатылады. Қораптардың арақашықтығы адам көп жүретін көшелерде 40 метрден және адам аз жүретін көшелерде 100 метрден артық емес аралықта болады. Қалалық көліктер аялдайтын жерлерде қораптарды міндетті түрде орнату қажет. Қораптарды тазалау қоқыстардың толуына қарай жүргізіледі.

27. Аулалық әжетханалар мен контейнерлік алаңшалардан бекітілген бөлікті сақтау мүмкіндігі жоқ құрылыстар аудандарында бұл арақашықтық комиссиялық т ү р д е б е л г і л е н е д і .

28. Канализацияланбаған тұрғын үйлерде сұйық қалдықтарды жинау үшін

сорып алынатын, су өткізбейтін шұңқырлар орнатылады және жер бетіндегі бөлігі қақпақпен және қатты фракцияларды жібермейтін тормен жабдықталады. Аулалық сорып алынатын шұңқырлар болған жағдайда, олар ортақ бола алады.

29. Жол жабындылары жолдың беткі қабатында жиналған ластар су ағынымен жасыл желек жолақтары мен жаяу жолдарға шашырамайтындай етіп ж у ы л а д ы .

30. Жіті қозғалысты көше жолдары жылдың ыстық уақыттарында жуылып т ұ р а д ы .

31. Нөсерлік канализациясы жоқ көшенің өту бөліктері арнайы көліктермен тазаланады. Көшелерге ас тұзын шашуға тыйым салынады.

32. Жапырақтар түсетін уақытта жапырақтар уақытылы тазаланып отырады. Жиналған жапырақтар арнайы бөлінген учаскелерге немесе шірітетін алаңдарға ш ы ғ а р ы л а д ы .

33. Тұрғын кварталдар, шағынаудандардың, сондай-ақ, үй жанындағы аумақтарда бөлінген жер учаскесі шекараларында келесі тәртіп сақталады:

1) отмоствалардың, жаяу жолдардың, жаяу жүргіншілер жолдарының, ішкікварталдық жолдардың жабындылары қалыпты жағдайда ұсталуы қажет;

2) аулаларда өз бетінше түрлі шаруашылық және қосалқы құрылыстардың с а л у ы н а т ы ы м с а л ы н а д ы ;

3) қызыл жолақтарды және құрылыстарды реттеу жолақтарын бұзып салынатын құрылыстарға тыйым салынады;

4) тұрғын үй жаны аумақтарын құрылыс материалдарымен бөгеп тастауға т и ы м с а л ы н а д ы ;

5) инженерлік коммуникацияларды және құдықтарды уақытылы қаралып ж ә н е т а з а л а н а д ы ;

6) спорттық, ойын, балалар және шаруашылық алаңдары, қоршаулар қалыпты ж а ғ д а й д а ұ с т а л у ы қ а ж е т .

34. Суару-жуу және сыпырып-тазалау көліктерін толтыру техникалық сумен жүргізіледі, ашық су көздерінен толтыру санитарлық-эпидемиологиялық қорытынды болған жағдайда рұқсат етіледі.

35. Елді мекендерден қалдықтарды жинауды, пайдалануды, қолдануды, залалсыздандыруды, тасымалдауды, сақтауды және көмуді мамандандырылған к ә с і п о р ы н д а р жү р г і з е д і .

36. Жұқпалы стационарлардан басқа (соның ішінде туберкулезге қарсы, тері-венерологиялық) қоғамдық тамақтану, сауда, жалпы білім беретін, шипажай-курорттық және басқа да ұйымдардың тағам қалдықтары қақпағы бар ы ды старға жиналып, салқындалатынын ғимаратта немесе тоңазытқыш камераларда сақталады. Жұқпалы стационарлардың тағам қалдықтарынан басқа (соның ішінде туберкулезге қарсы, тері-венерологиялық және т.б.) тағам

қалдықтарын малға беруге жол беріледі.

37. Қатты тұрмыстық қалдықтар Орал қаласының қатты тұрмыстық қалдықтар полигонында кәдеге жарату жүргізіледі.

5. Қыс мезгілінде аумақтарды тазартудың ерекшеліктері

38. Қала көшелерінің өту жолдары мен кіру жолдарын қыста тазарту жұмыстары осы Ереже талаптарына және жұмыс технологияларын, техникалық құралдар мен тайғаққа қарсы қолданылатын реагенттерді анықтайтын нұсқауларға сәйкес жүргізіледі.

39. Саябақтардағы, тынымбақтардағы, бақтардағы және басқа да көгалды аймақтардағы жолдарды тазарту кезінде осы мақсаттарға алдын ала дайындалған алаңдарға жасыл желектердің сақталуы мен еріген сулардың ағуын қамтамасыз еткен жағдайда, құрамында химиялық реагенттері жоқ қарларды үюге рұқсат етіледі.

40. Қысқы кезеңде жолдар, бақ орындықтары, қоқыс салатын қораптар мен басқа да элементтер мен кіші сәулеттік формалар, сондай-ақ, олардың алдындағы және жанындағы аумақтар мен оларға баратын жолдар қар мен мұздақтардан тазартылуы тиіс.

41. Жаяу жолдар мен жолдардың өту бөліктеріндегі инженерлік желілерде орын алған апаттан пайда болған мұздақтар меншік иелерімен және (немесе) желілерді пайдаланушылармен уатылып, шығарылады.

42. Қар шығарудың технологиялық операциясы екі кезеңде жүргізіледі:

1) бірінші кезекте (таңдамалы) қалалық жолаушыларды тасымалдау көлігі аялдамаларынан, жер үсті жаяу жүргіншілер өтпелеріндегі, көпірлердегі және жол желілеріндегі, ауруханаларға кіретін жолдардағы және басқа да әлеуметтік маңызы бар нысандардағы қарды шығару;

2) соңғы (жаппай) қар шығару жұмыстары бірінші кезектегі қар шығару жұмыстарынан кейін уәкілетті органмен анықталатын кезекке сәйкес орындалады.

43. Көшелер мен жолдардағы қарды шығару жұмыстары арнайы дайындалған алаңшаларда жүргізілуі тиіс.

44. Жаяу жолдар мен көпір құрылғыларына шығатын жерлердегі баспалдақтарды тазарту жұмыстарына мынадай талаптар қойылады:

1) жаяу жолдар мен көпір құрылғыларына шығатын жерлердегі баспалдақтар жаңа жауған қар мен тапталған қар басып кеткенге (қар-мұздақтарының пайда болуы) дейін барлық еніне дейін тазартылуы тиіс;

2) тоқтаусыз қар жауған кезде жаяу жолдар мен көпір құрылғыларына

шығатын жерлердегі баспалдақтар тайғаққа қарсы материалдармен өңделіп және жаяу жүргіншілер жүруі үшін тазартылуы тиіс;

3) тайғақ болатыны немесе болу мүмкіндігі жөнінде хабарландырылған жағдайда, бірінші кезекте баспалдақтар, содан кейін жаяу жолдар тайғаққа қарсы материалдармен өңделуі керек.

45. Жаяу жолдар, аула аумақтары мен кіру жолдары қар мен мұздақтан асфальтқа дейін тазартылуы тиіс, қар мен жарықшақ қар үйетін жерге шығарылуы тиіс. Мұздақ пайда болған жағдайда (тайғақ) ұсақ құм себу жүргізіледі.

46. Аула аумақтары мен ішкікварталдардан тазартылған қар автокөліктің қозғалысына және жаяулардың жүруіне кедергі келтірмейтін аула аумағындағы орындарға міндетті түрде тасып шығарылуымен уақытша үйіледі.

47. Аула ішінде қарды үйген кезде жылғалардың ағып кету жағы қарастырылу қажет.

48. Қысқы кезде ғимарат иелерімен және (немесе) пайдаланушыларымен, тұрғын үйлерде ПИК-терімен шатырларды қар мен мұздақтан, сүңгілерден уақытында тазарту жұмыстары ұйымдастырылуы қажет.

49. Көше жағына қараған шатырлардан қар мен мұздақтарды тазарту жұмыстары жаяу жолдарға түсіру тек күндізгі уақытта жүргізілуі тиіс. Қарды басқа сырғанау жағынан, сондай-ақ, жазық шатырлардан түсіру аула аумақтарында жүргізілуі керек.

Қарды түсірер алдында жүргіншілер қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ететін қауіпсіздік шараларын өткізу қажет. Шатырлардан түскен қарлар, мұздақтар жедел түрде жол жағына қарай жиналады және одан әрі көшенің жолын тазартушы ұйыммен шығарылуы үшін орналастырылады.

6. Ұсақ бөлшектік сауда үшін

уақытша орын-жайларды

орнату және күтіп ұстау

50. Ұсақ бөлшектік сауда нысандарын орналастыру (нысандардың аумағында орналасқан ұсақ сауда нысандарынан басқа) санитарлық-эпидемиологиялық қорытынды болған жағдайда жергілікті атқарушы органмен бекітілген орындарда рұқсат беріледі.

51. Салқындалатын сусындармен, изотермиялық жылжымалы ыдыстардан (цистерна) кваспен сауда жасауға су құбырына және канализацияға қосылған және бір мәрте пайдаланатын ыдыстар болған жағдайда рұқсат беріледі.

52. Ұсақ бөлшектік сауда нысандарында ыдыстарды және өнімнің күндік қоры сақталатын үй-жайға орын бөлінеді.

53. Айналымдағы ыдысты ұсақ бөлшектік сауда нысанының жұмысы аяқталғаннан кейін күн сайын тағам өнімін дайындайтын және жеткізетін нысанға жіберіледі. Іргелес аумақта ыдысты сақтауға рұқсат берілмейді.

54. Ұсақ бөлшектік сауда жасау нысанында бір жұмыс орнында тағам өнімдерін сату тек өндірістік оралған күйінде рұқсат беріледі.

55. Нан, пісірілген кондитерлік (кремсіз) және нан өнімдерін сату оралған күйінде жүргізіледі.

56. Көкөніс, жеміс-жидек және бақша дақылдарын нысаннан тыс жерде сатуға жергілікті атқарушы органмен бекітілген орындарда рұқсат беріледі.

57. Сауда автоматтары бір мәрте пайдаланатын ыдыстармен қамтамасыз етіледі.

58. Жұмсақ балмұздақтарды сатуға оны дайындаған жерде сатуға рұқсат беріледі.

59. Ұсақ бөлшектік сауданың жылжымалы құрал-жабдықтары жұмыс күні аяқталғаннан кейін негізгі нысанда (тағам өнімдерін өндіретін нысандар, сауда нысандары) санитарлық өңдеуге жатқызылады.

60. Ұсақ бөлшектік сауда нысандарында жуынатын орын, қоқыстар мен қалдықтарды салатын қақпағы бар ыдыс, сатушының жеке мүлігін сақтайтын орын орнатылады.

61. Ұсақ бөлшектік сауда нысанының сатушысы:

- 1) нысанды, іргелес аумақты тазалықта ұстайды;
- 2) шығарылған жерін, сапасын және қауіпсіздігін растайтын құжаттары болған жағдайда тағам өнімдерін қабылдайды және сатады;
- 3) сатылатын тағам өнімдерінің пайдалану мерзімінің сақталуын қадағалайды ;

4) тағам өнімдерін сату мерзімі мен талаптарын сақтайды, сату кезінде қыстырмаларды, күрекшелерді қолданады;

5) өнімдерді ластанудан сақтайды;

6) таза арнайы киімдерін киеді (халат, қолғаптар, қалпақ);

7) жеке гигиена талаптарын сақтайды, әрбір жұмыс үзілісінен кейін және қажетіне қарай қолын жууы керек;

8) өзімен бірге жеке медициналық кітапшасы болуы керек;

62. Нысан аумағы тазалықта ұсталуы қажет. Күн сайын жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін негізгі, күн ішінде ағымдағы тазалау жүргізіледі. Қысқы кезеңде аумақ, кіре беріс жолдар және павильон алдындағы алаңдар қар мен мұздан тазартылып, тайғаққа қарсы құм себіледі, жаз мезгілінде су себіледі.

63. Сауда нысанына іргелес аумақта ыдыстар мен тауарлардың қорын текшелеуге рұқсат етілмейді.

64. Базар аумағында келушілер мен персонал үшін әжетханалар, 50 сауда

орнына бірден кем емес шүмектер саны есептелген қол жуу, сауда құрал-жабдықтарын, жеміс-жидектер мен көкөністерді жуатын қондырғылар о р н а т ы л а д ы .

65. Санитарлық желілер мен жуынатын орындар базарларда қалыпты, тазалықта ұсталып және күн сайын дезинфекцияланады.

Санитарлық желілерге қызмет көрсететін персонал нысандағы басқа жұмыс түрлеріне жіберілмейді.

66. Сәулеттік және түстері туралы шешім "Орал қаласының сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесімен келісіледі. Ұсақ бөлшектік сауда нысандарын жөндеу және бояу жұмыстары олардың иелері есебінен, "Орал қаласының сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесімен келісілген сыртқы түрі мен түсі туралы қабылданған шешімнің сақталуын ескере отырып, о р ы н д а л у ы т и і с .

67. Ұсақ бөлшектік сауда нысандары мен кешендеріне көліктік қызмет көрсету, іргелес жатырған магистральдар мен жаяу жүргіншілер бағыттарындағы көлік қозғалысы мен жаяу жүргіншілердің қауіпсіздігіне кедергі келтірмеуі қажет.

7. Жолдарды, аялдама және отырғызу алаңдарын тазарту

68. Жолдардың өту жерлерін барлық ені бойынша тазарту, алаңдардың, көшелердің және қалалық көше желілерін, көлік тұратын қалташаларды, сондай-ақ жағалаулар, көпірлер, жол өткелдерін күту мен тазалау жұмыстарын осы жұмыстардың өндірісінде уәкілетті органмен жасалған мемлекеттік сатып алу шарты негізінде мердігер-кәсіпорындар жүргізеді.

69. Автобус маршруттарының соңғы аялдау, айналу алаңдарын тазартуды осы маршруттарға қызмет көрсетуді жүзеге асыратын тасымалдаушы кәсіпорындар жүргізеді.

70. Жол төсемдерін үзіліссіз қоқыстан, батпақтан, қардан технологиялық тазарту жұмыстарын қамтамасыз ету үшін халықтың жаппай баратын нысандарына жақын орналасқан магистральды көшелердің бойына күн сайын сағат 23.00-ден 7.00-ге дейін автокөлік құралдарын қоюға тыйым салынады, тыйым салу қажетті жол белгілерін қоюмен белгіленеді.

71. Магистральдардың, көшелердің және кіру жолдарының жол төсемдерін, осьтік және резервтік жолақтарын, жиектемелерін сыпыру жұмыстары алдын ала суланғаннан кейін уәкілетті органмен бекітілген кестеге сәйкес жүргізіледі.

72. Жолдың жүру жағы қандай да болмасын ластан толығымен тазартылуы тиіс. Қозғалыс сызығымен реттелген осьтік және резервтік жолақтар тұрақты

түрде құм мен әр түрлі ұсақ қоқыстардан ұдайы тазартылуы қажет.

73. Жолдардың шеті ірі көлемді және өзге де қоқыстардан тазартылуы тиіс. Жұмыстарды жүргізу кезінде көшенің өту бөлігі мен өту жолдарына қоқыстарды шығаруға тыйым салынады.

74. Қалалық жолаушылар көлігінің аялдама алаңдарын тазалау жұмыстарын жолдарға тазарту жұмыстарын жүргізуші кәсіпорындар жүргізеді.

75. Қоғамдық жолаушылар көлігінің аялдамалық алаңдарындағы павильондарды және оларға іргелес аумақтарды тазартып, жууды олардың иелері жүргізеді.

76. Бөлек тұрған жарнама нысандарынан он метр радиустағы іргелес аумақты тазартып және күтіп, ұстау жарнамалық құрылымның иелерімен немесе келісімшарт негізінде мамандандырылған кәсіпорындар жүзеге асырады.

77. Сыртқы жарықтық бағаналарының құрылғысы мен діңгегінің аумағын және жаяу жолдарда орнатылған байланыс желілерінің маңайын тазарту жұмыстарын жаяу жолдарды тазартуға жауапты кәсіпорындар жүргізеді.

78. Трансформаторларға немесе таратушы шағын станцияларға, автоматты түрде жұмыс істейтін басқа да инженерлік орын-жайларға (қызмет көрсететін персоналсыз), сондай-ақ, электр тасымалдау желілерінің тіректеріне іргелес аумақтарын тазарту жұмыстарын осы нысандардың иелері жүргізеді.

Жер үсті құбырларының астындағы қорғалатын аумақтарды тазарту мен күтіп, ұстау жұмыстары желілердің иелерімен жүргізіледі.

79. Уақытша көше саудасы мен жалпы тамақтану орындарына, бизнес нысандарына іргелес аумақтарды (базарлар, кафе, сауда павильондары, жылдам салынатын сауда кешендері, шатырлар, дүңгіршектер және сол сияқты) көшелердің өту бөлігіне дейін тазарту осы нысандардың иелерімен жүзеге асырылады.

Іргелес орналасқан гүлкестелерге, сауда шатырларының үстіне, дүңгіршектерге және басқа да сауда нысандарына жәшіктерді үюге жол берілмейді.

80. Суды айдау (шұңқырлардан су сору, инженерлік желілердегі апат жағдайлар) салдарынан пайда болған су басу жағдайлары орын алған жағдайда, оларды жою жауапкершілік бұзушылыққа жол берген ұйымдарға жүктеледі.

81. Жол жөндеу жұмыстарын жүргізген кездегі асфальт жарықшақтарын шығару осы жұмыстарды жүргізуші ұйымдармен жүзеге асырылады: қаланың бас магистральдарынан - тез арада, басқа көшелер мен аулалардан - тәулік мерзімінде.

82. Суаққы желісін қоқыс басуын болдырмау үшін суаққы коллекторларына сыпырынды және тұрмыстық қоқыстарды тастауға тыйым салынады.

8. Шағын сәулет нысандарын күтіп, ұстау

83. Тұрғын-жай құрылысының аумақтары, қоғамдық аймақтар, тынымбақтар, көшелер, саябақтар, демалыс алаңдары шағын сәулеттік нысандармен ж а б д ы қ т а л а д ы .

84. Шағын сәулет нысандары стационарлық және жылжымалы болуы мүмкін, олардың саны мен орналасуы аумақтарды абаттандыру жобаларымен а н ы қ т а л а д ы .

85. Қоғамдық құрылыс аумақтарына, алаңдарға, көшелерге, тынымбақтар мен саябақтарға, жағалауларға арналған шағын сәулет нысандары жеке жобалар б о й ы н ш а д а й ы н д а л а д ы .

86. Жаңа құрылыс салу кезінде құрылыс жүргізіліп жатырған учаске шегінде шағын сәулет нысандарын жобалау, дайындау және орнату жұмыстары тапсырыс берушімен бекітілген жобалау-сметалық құжаттамаларға сәйкес жүзеге а с ы р ы л а д ы .

87. Шағын сәулет нысандарының құрылымдық шешімдері олардың орнықтылығын, қолдану қауіпсіздігін қамтамасыз етуі тиіс.

88. Шағын сәулет нысандарын күтіп, ұстау және жөндеуді олардың меншік иелері жүзеге асыруы тиіс.

9. Ақылы автотұрақтарды және гараж кооперативтерін орналастыру және абаттандыру

89. Жеке меншік иелерінің жеңіл автокөліктерінің гараждарын, күзетілетін ашық автотұрақтардың, автокөліктердің уақытша тұрақтарын (ақылы және ақысыз) орналастыру қолданыстағы экологиялық, санитарлық және қала құрылысы нормаларымен және ережелерімен, белгіленген тәртіпте дайындалған және келісілген жобалау құжаттарына сәйкес орындалады.

90. Ұйымдар, кәсіпорындар мен мекемелер, сауда мен қоғамдық тамақтану нысандары, демалыс және тұрғындардың жаппай келетін орындары келушілер үшін ақысыз тұрақтармен жабдықталуы тиіс.

91. Жеке меншік иелерінің гараждары гараж кооперативтеріне (серіктестік) бірігеді. Гараж кооперативтерінің аумағын абаттандыру және оларды күтіп ұстау кооперативтердің қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

92. Жеңіл автокөліктерінің ашық, ақылы тұрақтарын тұрғын-жай мен қоғамдық құрылыстарға дейін санитарлық аралықты сақтап орнату қажет.

Автотұрақтардың қатты төсемі, қоршауы, күзетуге арналған орын-жайы мен сыртқы жарығы болуы тиіс.

10. Құрылыс алаңдары мен учаскелерін күтіп ұстау

93. Нысанның (жаңа құрылыс, қайта жабдықтау, жөндеу, құрылысты бұзу) құрылыс алаңын жайластыру жұмыстары басталғанға дейін құрылыс салушы (нысанның иесі) келісім алу үшін және белгілі бір жұмыс түрлерін жүргізуге келісу және рұқсат алу үшін қажетті құжаттарды уәкілетті органға ұсынуы қажет.

94. Рұқсат алғаннан кейін құрылыс жүргізуші-тапсырыс беруші (нысанның иесі) қолданыстағы нормалар мен ережелерге сәйкес құрылыс алаңдарын мынадай міндетті талаптарды сақтай отырып, жайластыруы тиіс:

құрылыс алаңына бөгде адамдардың енуіне және іргелес аумаққа ластың шығуына жол бермейтіндей барлық периметрі бойынша толық қоршалады; адамдардың көп өтетін орындарында қоршауға жаппай қоршау қалқанын о р н а т ы л а д ы ;

қоршау металдан жасалған, профильденген қалқандардан немесе қоршауға арналған темірбетон қабырғаларынан дайындалуы қажет;

қоршау құрылысы мықтап бекітіліп және ұзынынан, көлденеңінен түзетіліп, боялуы және ұқыпты түрде болулары тиіс;

құрылыс алаңдарынан екінші кезектегі көшелерге қақпа орнату немесе шлагбаум орнату арқылы ең аз кіру және шығу жолдары қарастырылады;

шығатын жерлеріне ақпараттандыру тақталары орнатылады;

жарық барлық периметр бойынша екі жаққа түсуі керек;

алаңдардың ішкі жолдары және құрылыс алаңдарына кіретін жолдардың қатты төсемі болуы тиіс, олардың қалалық асфальттанған жолдармен қиылысуын қ а м т а м а с ы з е т у қ а ж е т ;

шыға берістерінде көлік құралдарының дөңгелектерін жуу (тазарту) бекеттері о р н а л а с т ы р ы л а д ы ;

құрылыс алаңдарының аумағы және оған іргелес аумақ осы Ережеге сәйкес та за және тәртіпте ұсталуы тиіс;

құрылыс алаңдарының сыртына құрылыс материалдарының, қоқыстардың (синтетикалық пленкалардың, сүректер, жаңқалар, орау материалдары және т.б.) жел болған кезде ұшып шығуына жол бермеу шаралары қарастырылуы тиіс;

жабық астау мен жинағыш-қоймаларды қолданбай қалдықтар мен қоқыстарды ғимарат қабаттарынан тастауға жол берілмейді;

ғимараттар мен орын-жайлардың қасбеттерінде жұмыс жүргізген кезде осы мақсаттарда қолдануға арналған, қасбетке бекітілген немесе орнатылған ағаш

құрылымдарына бекітілген, тордан жасалған торлы қоршау қарастырылуы қажет ;

қоршаулардың қисаюы мен салбырауына жол берілмейді; қажет болған жағдайда, жүргіншілер жолы, төсемдер, таяныштар, айналып өту және уақытша жүру жолдары жасалады және олар қалыпты жағдайда ұ с т а л а д ы .

95. Барлық материалдар мен топырақ тек қоршалған аумақ шегінде орналастырылады, шығарылған топырақ (құнарлы топырақтан басқа) тез арада қатты тұрмыстық қалдықтар полигонына немесе уәкілетті органның келісімімен басқа учаскелерге шығарылады .

96. Құрылыс жүргізуші немесе мердігер тиісті полигондарға уақытында тұрмыстық және құрылыс қоқыстарын, қар мен мұзды шығару жұмыстарын ұйымдастыру үшін құрылыс алаңдарын жасауға рұқсат алған кезде осы жұмыс түрлерін жүргізуге рұқсат қағаздары бар мамандандырылған кәсіпорындармен ш а р т ж а с а й д ы .

97. Құрылыс аяқталғаннан кейін құрылыс жүргізуші құрылыс алаңына іргелес аумақтағы, сондай-ақ, уақытша жүруге пайдаланылған, жүргіншілер өтетін жерлер, материалдарды қою үшін уақытша пайдаланылған орын-жайлар аумақтарының бұзылған абаттандыру жұмыстарын, инженерлік желілерін және басқа қажеттіліктерін қалпына келтіруге міндетті.

11. Жер жұмыстарын жүргізудің, инженерлік желілерді, орын-жайларды және коммуникацияларды күтіп, ұстаудың тәртібі

98. Қала аумағындағы жол төсемдерінің, жаяу жолдардың, гүлкестелердің және басқа да нысандардың бұзылуымен байланысты жер жұмыстарын және басқа да жұмыстарды жүргізетін барлық заңды және жеке тұлғалар қала әкімдігінің қаулысымен анықталған тиісті қалалық қызметтерден жұмыстарды жүргізуге рұқсат алуға міндетті.

99. Шаруашылығында инженерлік коммуникациялары бар заңды және жеке тұлғалар қаланың абаттандыруын бұзуға әкеліп соғатын инженерлік желілер мен орын-жайлардың техникалық жағдайын ұдайы қарап отыруы тиіс, атап айтқанда:

аумақты су басуына және мұздың пайда болуына жол бермеу, берілген және қорғалатын аймақтардың санитарлық тазалығын бақылау, люктердің қақпақтары, құдықтар мен камералардың жабындылары, нөсерлік кәріздердің торлары қатты төсеммен бір деңгейде болуы және түзу қалыпта ұсталуын;

құрастыру Ережелерін сақтамаған жағдайда, бұзылып қалуы мүмкін жер асты желілерінің бетіндегі қатты немесе жер топырағының қалпын, қайта жабылуы мен қолданылуын бақылауға, жерүсті инженерлік коммуникацияларына, құрастырмалар мен құрылғыларға уақытында жөндеу, тазарту және сырлау жұмыстарын уақытында жүргізу қажет.

100. Жер бетінің қатты қабатына күрделі жөндеу немесе жаңғырту жұмыстарын жүргізген кезде инженерлік желілер құдығының люктерін керекті өлшемдерге жеткізу жұмыстары жөндеу жұмыстарына тапсырыс беруші есебінен ж ү з е г е а с а д ы .

101. Қала аумақтарынан жер үсті және жер асты суларын әкетуге арналған арықтарды, құбырлар мен сорғытқыларды жинау мен тазарту, нөсерлік кәріздердің коллекторларын, жауын қабылдағыштар құдықтарын тазарту жұмыстары пайдаланушы кәсіпорындармен; аула аумақтарында - пәтер иелері кооперативтерімен; жеке меншік учаскелерде және кәсіпорын аумақтарында – аумақтың иелерімен жүргізіледі.

12. Апатты жұмыстарды жүргізу

102. Апат туындаған жағдайда, инженерлік коммуникациялар мен құрылғылардың иесі, пайдаланушы ұйым апатты және оның салдарын жоюдың жедел шараларын жасауы тиіс. Бұл жағдайда мыналар: адамдар мен көлік қозғалысының қауіпсіздігі, сондай-ақ, қатар орналасқан жерасты және жерүсті орын-жайларының, инфрақұрылым нысандарының, жасыл желектердің сақталуы қ а м т а м а с ы з е т і л у і т и і с .

103. Апаттық бригаданы апат орнына жіберумен қатар пайдаланушы ұйым бір мезетте апаттың сипаты мен орны жайында, осы апат ауданында жерасты және жерүсті құрылғылары бар ұйымдарға, "Орал қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" және "Батыс Қазақстан облысының Ішкі істер департаменті Орал қаласының ішкі істер басқармасы" мемлекеттік мекемелеріне, сондай-ақ басқа да м ү д д е л і қ ы з м е т т е р г е х а б а р л а й д ы .

104. Аймағында жерасты немесе жерүсті коммуникациялары бар заңды және жеке тұлғалар апат туралы хабарды алғаннан кейін, апат орнына осы жердегі орналасқан мекемеге қарасты құрылғылар мен коммуникацияларды көрсетуге тиісті және өздерінің орындалған сызбаларымен бірге уәкілдерін жіберуге м і н д е т т і .

105. Апат маңайында материалдарын немесе басқа бағалы заттарын сақтаушы иелері апат жұмыстары басшысының бірінші талабы бойынша учаскені жедел т ү р д е б о с а т а д ы .

106. Егер де апатты жою жұмыстары өтер жолдың толық және жартылай жабылуын қажет еткен жағдайда, "Батыс Қазақстан облысының Ішкі істер департаменті Орал қаласының ішкі істер басқармасы" мемлекеттік мекемесі жолдың уақытша жабылуы туралы, көліктің айналып жүру бағыты және зақымдалған желілердің иелерімен бірге зақымның жою мерзімін бекіту жөнінде
ж е д е л ш е ш і м қ а б ы л д а й д ы .

107. Апат жұмыстары жүргізілетін орын қалқандармен немесе белгіленген үлгідегі апаттық жарық құрылғысы және үлкен қызыл түсті шамдары бар қорғандармен қоршалады. Көшенің (магистральдың) жол жағына "Орал қаласының ішкі істер басқармасы" мемлекеттік мекемесінің келісімімен қажетті
ж о л б е л г і л е р і қ о й ы л а д ы .

Жұмыстар толық аяқталғанына дейін апатты жою жұмыстарына жауап беруші тұлғалар апаттық жарықтандыру, қоршау (қалқан) орнату, жол белгілерінің қойылу жұмыстарына жауап береді.

108. Апат салдарын жою және аумақтың абаттандырылуын қалпына келтіру үшін апат болған күннен бір тәуліктен қалдырмай, жер жұмыстарын жүргізуге рұқсат алуы қажет. Көрсетілген мерзімге дейін жер жұмыстарын жүргізуге рұқсат қағазын рәсімдемеген жағдайда, қазу жұмыстары рұқсатсыз болып саналады және кәсіпорын қолданыстағы заңнамаға сәйкес жауапқа тартылады.

109. Бұзылған жол төсемдері мен басқа да абаттандыру элементтерін қалпына келтіру жұмыстары осы кәсіпорынмен апатты жұмыстар аяқталғаннан кейін тез
а р а д а жү з е г е а с ы р ы л а д ы .

110. Жоспарлы жұмыстарды апатты деген сылтаумен жүргізуге қатаң түрде тыйым салынады.

13. Ғимараттар мен орын-жайлардың қасбеттерін күтіп, ұстау

111. Ғимараттардың, орын-жайлардың және бизнес нысандарының меншік иелері аталған нысандардың және олардың жекелеген элементтеріне (балкон, лоджия, сарқынды су құбырлары және басқалары) жаңғырту, жөндеу және қасбеттерін сырлау жұмыстарының жүргізілуін қамтамасыз етуге, сондай-ақ, қасбеттерінде орнатылған ақпаратты тақтайшаларды, ескерту тақталарын таза және қалыпты жағдайда ұстауға міндетті.

112. Ғимараттардың, мекемелердің, кеңселердің, дүкендер мен өзге де бизнес нысандарының қасбеттеріне ілінген маңдайшалар мен көрнектер кешкі және түнгі уақыттарда қаланы келбеттендіру және қосымша жарықтандыру үшін ішкі жарық (неондық және сұйық кристалды т.б) элементтерімен жабдықталуы тиіс.

жергілікті атқарушы органның келісімінсіз өз еркімен ғимараттардың қасбеттері мен құрастыру элементтерін қайта жабдықтауға; сәулеттік элементтерін алдын ала қалпына келтірмей, ғимараттар мен орын-жайлардың қасбеттерін сырлауға;

114. Ғимараттар мен орын-жайлардың меншік иелері оларды қала құрылысы мен жобалау құжаттарына, қала құрылысы нормативтері мен ережелері, экологиялық, санитарлық, өртке қарсы және басқа арнайы нормаларға сәйкес қалыпты жағдайда сақтау жұмыстарын жүргізуге, соның ішінде оларға жататын ғимараттар мен құрылғылардың қасбеттерін жөндеу мен жаңғырту жұмыстарын өз есебінен немесе тартылған қаражат есебінен жүргізуі тиіс.

115. Егер де заңды немесе жеке тұлғалардың меншігінде шаруашылық жүргізу құқығында немесе жедел басқаруында жеке тұрғынсыз жайлар немесе тұрғын ғимараттары болған жағдайда, осы тұлғалар ғимараттың алып тұрған ауданына қарай қасбетін жөндеу, жаңғырту жұмыстарын жүргізуге үлес қосуы к е р е к .

116. Ғимараттарды, орын-жайларды және құрылғыларды жалға алушылар жалға алу шартына сәйкес ғимараттардың және құрылғылардың қасбеттерін жөндеу, жаңарту, жаңғырту жұмыстарын жүргізуге міндеттеме алады.

117. Сәулет, тарих немесе мәдениет ескерткіштері болып табылатын ғимараттар мен орын-жайлардың қасбеттерін жөндеу, жаңарту, жаңғырту жұмыстары Қазақстан Республикасының және Орал қаласы әкімдігінің құқықтық актілерімен бекітілген, қорғау міндеттемелеріне сәйкес, "Орал қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" және Орал қаласының сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемелерінің келісімімен орындалады.

118. Орал қаласы коммуналдық шаруашылығының уәкілетті органы ғимараттар мен құрылғылардың қасбеттерін жөндеу мен жаңғырту жұмыстарын ұйымдастыру шараларын жыл сайын қабылданатын бюджеттік бағдарлама негізінде атқарады. Ғимараттар мен орын-жайлардың қасбеттерін жөндеу мен жаңғырту жұмыстарының бағдарламасы Орал қаласы әкімдігінің қаулысымен б е к і т і л е д і .

119. Ғимараттардың қасбеттерін сырлау жұмыстары тек қана "Орал қаласының сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесімен берілетін колерлік төлқұжаттармен жүргізілуі мүмкін.

14. Сыртқы жарық пен бұрқақтарды күтіп ұстау

120. Орал қаласы коммуналдық шаруашылығының уәкілетті органы бекіткен кестеге сәйкес көшелердің, жолдардың, алаңдардың, жағалаулардың және басқа жарықтандырылатын нысандардың сыртқы жарығын қосу табиғи жарықтық көлемінің азаюы кезінде кешкі ымырт кезінде 20 люкске дейін, ал сөнугі - таңғы күңгіртте 10 люкске дейін беріледі.

121. Алдағы уақытта электр қуатын үнемдейтін шамдарға көшуді іске асыру қажет. Алаңдардағы, магистральдардағы және көшелердегі, аула аумақтарындағы шамдардың жанбауы 5 пайыздан аспауы керек. Металл бағаналары, кронштейндер мен басқа сыртқы жарық құрылғылары мен қыстырма желілерінің элементтері тазалықта ұсталуы тиіс, тот баспауы және сырлануы керек.

122. Істен шыққан газзарядты шамдар, доғалы сынапты шам (ДСШ), металлдық диодтары бар доғалы шам (ДИШ), доғалы натрийлі (ДНАТ), люминесцентті шамдар осы мақсаттарға арналған арнайы жайларда сақталып, одан әрі қайта өңделуі үшін арнайы кәсіпорындарға жеткізілуі тиіс. Аталған шамдар түрлерін қалалық полигон аумағына шығаруға тыйым салынады.

123. Электрлі көліктердің байланыс желісінің құлап қалған бағаналарын шығару жұмысы негізгі магистральдарда кешіктірілмей баған иесімен жүргізіледі; қалған аумақтарда, сондай-ақ, бұзылған бағаналар - тәулік ішінде жүргізіледі.

124. Бұрқақтардың жағдайы мен пайдаланылуына жауапкершілік пайдаланушы ұйымға жүктеледі.

125. Бұрқақтарды қосу мерзімі, олардың жұмыс тәртібі, табақтарын жуу мен тазарту кестесі, техникалық үзілістері мен жұмысының тоқтатылуы Орал қаласы коммуналдық шаруашылығының уәкілетті органымен белгіленеді.

126. Бұрқақтардың жұмыс істеуі кезінде су бетін қоқыстардан тазарту жұмыстары күнделікті орындалады. Пайдаланушы ұйымдар бұрқақтарды сөндірген кезде де тазалығын сақтауға міндетті.

15. Көркемдік безендіру және жарнама

127. Сыртқы (визуальды) жарнама нысандары және ақпараттары жолдың бөлу жолақтарынан және көгалдандыру аймақтарынан тыс орналастырылады және ішкі жарықтандыру элементтерімен жабдықталады (неонды және басқалар). Орал қаласының шегінде билбордтар орнатуға тыйым салынады. Қала аумағында міндетті түрде европалық стандартқа сәйкес келетін, қазіргі заманғы форматтағы, ішкі жағынан жарықтандырылған және мына көлемдерден аспайтын сити-бордтар, сити-форматтар, лайтбокстар орнатылуы мүмкін:

лайтбокстар (0,75x1,5 м);

сити-формат (1,2x1,8 м);

сити-бордтар (2,7x3,7м), көшенің әрбір жағында әрбір 650-700 метрге 1 құрылымнан аспайтындай орнатылуы мүмкін.

128. Қаланың тарихи сәулеттік келбетін және орталық көшелердегі (Достық-Дружба, Еуразия, Әбілқайыр хан даңғылдары, Құрманғазы, Жәңгір хан, Мәметова, Пугачев, Ықсанов, Московская, Датов, Молдағұлова, Чагано-Набережная көшелері) жасыл желектерді сақтау мақсатында көшенің әрбір жағында әрбір 850-1000 метрге бір құрылымнан аспайтын сити-борд құрылымын орналастыруға рұқсат етіледі.

129. Жарнамалық құрылымды құрғаннан (бұзғаннан) кейін жарнамалық құрылым иесі орналастыру нысаны аумағының абаттандырылуын қайта қалпына келтіруге міндетті.

130. Ғимараттарға, қоршауларға, қалалық жолаушы көлігінің павильондарына, жарықтандыру тіректеріне, ағаштарға қандай да бір хабарландыру, жарнамалар, үгіт-насихат сипатындағы тақтайшалар жапсыруға, ілуге жол берілмейді. Жоғарыда аталған нысандарды өзге орындарға орналастыруға меншік иелерінің және "Орал қаласының сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің келісімдерімен рұқсат беріледі.

16. Ережені бұзғаны үшін жауапкершілік

131. Осы Ережені бұзған заңды және жеке тұлғалар 2001 жылғы 30 қаңтардағы Қазақстан Республикасының "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Кодексіне және Қазақстан Республикасының қолданыстағы Заңнамасына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

132. Әкімшілік жауапкершілік шараларын қолдану ереже бұзушыларды Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес келтірілген материалдық шығынды өтеуден, осы Ережеде қарастырылған бұзушылықтарды жою мен талаптарды орындаудан босатпайды.

133. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, Осы Ережелердің сақталуын бақылау өз құзыреттілігі шеңберінде тиісті мемлекеттік органдармен осы Ережелер ресми жарияланған күннен бастап жүргізіледі.